

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі т мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Атбасар қаласы «Еркежан» бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Ботақан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) сәуір

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Саптан қатарға бір-бірден қайта тұру, тапсырманы орындай отырып педагогпен бірге жүру, тұзу және бұралаң жолда жүгіру. Өзінің айналасын айналау.</p> <p>Саптан шығып қатарға бір-бірден тұру, педагогтің соңынан жүру және жүгіру; жіңішке тақтайда жүру дағдысын бекіту.</p> <p>Саптан шығып қатараға бір-бірден тұру, тапсырмаларды орындай отырып, педагогтің соңынан жүру және жүгіру дағдысын бекіту. Гимнастикалық сатыға шығу және одан түсуді үйренуді жалғастыру. Арқанда жүргенде тепе –тендікті сақтау дағдысын бекіту.</p> <p>Саптан шығып, қатарға бір-бірден тұру, тапсырмаларды орындай отырып, педагогтің соңынан жүру және жүгіру дағдысын бекіту.</p> <p>Негізгі қимылдар:Қатарға бір –бірден тұруды, тапсырмаларды орындай отырып, педагогтің соңынан жүру және жүгіруді үйрену. Балаға ыңғайлы тәсілмен үлкен допты екі қолмен лақтыруды үйрену. Педагогтің көрсетумен дамыту және сауықтыру жаттығуларын орындау. атарға бір бірден тұруды, тапсырмаларды орындай отырып, педагогтің соңынан жүру және жүгіруді үйрету. Үлкен допты екі қолмен лақтыру дағдысын бекіту. Педагогтің көрсетумен дамыту және сауықтыру жаттығуларын орындау.</p>
	Қазақ тілі	<p>Сөздік қор</p> <p>1) қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (қазақ киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы), жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p>

2) заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру;

Сөйлеуді дамыту

Білім беру міндеті: Ғарыш әлемі туралы түсінік беру. Сөзді ақырын, қатты, бояу айтуға жаттықтыру. Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмаслатын туралы білімдерін арттыру. Балалардың
Дамыту міндеті: алған білімдерін тәжірибеде қолдану моторикасын дамыту; тілдік қарым-қатынасқа түсе отырып, бар білімдерін іс жүзінде қолдана білу қабілеттерін дамыту; шығармашылық, байқағаштық қабілеттерін дамыту. Ұлттық салт-дәстүрді үйрете отырып, тілдік қорын, ой-өрісін дамыту. Байланыстырып сөйлеу қабілеттерін, ой-әрекетін дамыту.
Тәрбие міндеті: балаларды іс-әрекет арқылы адамгершілікке, инабатылыққа тәрбиелеу. Табиғатқа деген сүйіспеншілік тәрбиелеу. Балаларды қазақ ұлттық мерекесін құрметтеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.
Халық ертегілерін тыңдай білуге, табиғаттың бір бөлігі –жануарларды қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. Дамыту міндеті: ұсақ кол моторикасын, есте сақтау қабілеттерін, ой әрекеттерін дамыту.
Тәрбие міндеті: ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Көркем әдебиет

Білім беру міндеті. Қысқа тапмақты жатқа айту. Балаларға дәнді дақылдар, жемістер жайлы түсінік беру.
Дамыту міндеті: Балаларға ғарыш, ғарышкер жайлы толық ақпарат беру. Есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.
Шығарма мазмұнын дұрыс түсініп, тыңдай білу қабілеттерін жетілдіру.
Тәрбие міндеті: Адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. Балаларды жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

Математика негіздері

Міндеттері.
ОМ. Бір және көп бірдей заттарды қоршаған ортада таба білуді жетілдіру; шеңбер, шаршы, үшбұрыш геометриялық пішіндерін және олардың түстерін тану және атау, жыл мезгілдерін (қыс, жаз, кектем) атау.
ДМ. Зейін, қиял және логикалық есептерді шеше білуді дамыту.
ТМ. Эстетикалық сезімге тәрбиелеу, жылдын көктем мезгіліне қызығушылық тудыру
Міндеттері:
Беттестіру және тұтастыру тәсілдерін колданып, «жоғары-төмен-биіктігі бірдей» сөздерінің нәтижесін көрсете отырып, екі затты биіктігі бойынша салыстыра білуді жетілдіру.
Түсті білу мен керекті биіктікті таңдай білуді бекіту.
ДМ. Байқампаздық, көзбен шамалау, қолдың ұсақ моторикасын және коммуникативтік икемділігін дамыту.

		<p>ТМ. Эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу, гүлзар мысалында интерьерді гүлдермен безендіру үрдісіне деген қызығушылық тудыру.</p> <p>Міндеттері.</p> <p>ОМ. «Алыс, «жақын» кеңістік бағыттарын ажырата білуді үйрену.</p> <p>Өзіне қатысты кеңістік бағыттары мен шамасын білуді бекіту: оң жақ-сол жақ, үстінде-астында.</p> <p>ДМ. Байқампаздық, көзбен шамалау және коммуникативтік икемділіктерді дамыту.</p> <p>ТМ. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, бидай есіру үрдісіне деген қызығушылық тудыру.</p>
	<p>Құрастыру</p>	<p>Міндеттері.</p> <p>БМ. Құрастырудың белгілі тәсілдерін пысықтап, заттарға көңіл бөле отырып, түрлі көлемдегі құрылыс бөлшектерінен мәшине құрастыру жұмыстарын үйрету.</p> <p>ДМ. Кеңістіктік бағдарлау, қиял, ой-өрісті дамыту.</p> <p>ТМ. Үлгі немесе өз ойыңша құрастыру жұмыстарын ойлап табу, ниетін тудыру, таным ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫн тәрбиелеу.</p> <p>Міндеттері.</p> <p>БМ.Текшеден, тілігтен, кірпіштен, призмадан балаларға арналған төбешік құрылысын құрастыруды үйрету.</p> <p>Кірпіш», «текше», «призма», «тіліг» құрылыс бөлшектері жайында білімдерін пысықтау.</p> <p>ДМ. Тапқырлық, байқағыштық, кеңістіктік модельдеу (үлгілеу), шығармашылық қиял, құрастыра білу шеберлігін, ұсақ қол моторикасын дамыту.</p> <p>ТМ. ҰОҚ мазмұнына жағымды эмоциясын ояту, өз бетінше құрастыру және құрылыс жұмыстарына шығармашылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Міндеттері.</p> <p>БМ. Өз ойы бойынша құрастыруды өзгертіп, алған білімін қолданып, қарапайым құрылыс жұмыстарын жүргізуді үйрету.</p> <p>ДМ. Кеңістіктік модельдеу, қиял, ой-өріс, байқағыштық сияқты қасиеттерін дамыту.</p> <p>ТМ. Дамытушылықты тәрбиелеу, өз еркі бойынша құрылыс құрастыру қабілетін ояту..</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Білім беру міндеті. Үлкендердің көктемгі еңбегі жайлы қарапайым түсінік қалыптастыру.</p> <p>Дамыту міндеті. Басқа жыл мезгілдеріндегі еңбек пен көктемгі еңбектің ерекшеліктерін салыстыра білу қабілетін дамыту</p> <p>Тәрбие міндеті. Табиғаттағы қорғауға балабақша ауласында еңбек етуге тәрбиелеу.</p> <p>Білім беру міндеті: Табиғат бұрышытіршілік иелері жайлы қарапайым түсінік қалыптастыру, олардың күту жолдарын үйрету.</p> <p>Дамыту міндеті:Бақылау,байқау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тәрбие міндеті: Қамқорлық болуға тәрбиелеу.</p> <p>Білім беру міндеті:Құстардың қысқы тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы</p>

қарапайым түсініктерін қалыптастыру.
 Туған жердің ауа райыдағы өзгерістерді анықтай білуге үйрету.
Дамыту міндеті:Шартты белгілер бойынша жұмыс істей білу қабілеттерін дамыту.
 ҚҰстардың тіршілігіне болатын өзгерістерді түсіндіре отырып, салыстыра білу қабілетін дамыту.
Тәрбие міндеті: Тәрбие қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Сурет салу

Міндеттері: Қызғалдақтың жапырақтары мен гүлін бейнелеуде бояу әдісін (бояуға матыра отырып жиі жағу) қолдануға үйрету; бейнелейтін затқа сәйкес түсті таңдау; бояуды ауыстырғаннан кейін қылқаламды жуу, қылқаламның барлық қылымен түртіп бояу дағдысын бекіту. Қиялды, бейнелеу құралына түсетін қол күшін есептеуді дамыту. Эстетикалық талғамға, дербестікке және қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Қызғалдақтың жапырақтары мен гүлін бейнелеуде бояу әдісін (бояуға матыра отырып жиі жағу) қолдануға үйрету; бейнелейтін затқа сәйкес түсті таңдау; бояуды ауыстырғаннан кейін қылқаламды жуу, қылқаламның барлық қылымен түртіп бояу дағдысын бекіту. Қиялды, бейнелеу құралына түсетін қол күшін есептеуді дамыту. Эстетикалық талғамға, дербестікке және қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
 Қарапайым (бауырсақ салынған табак) композиция. бейнелеуді үйрету; домалақ және төртбұрышты пішінді заттарды бейнелеу және бояу.
 Борды дұрыс ұстауды, қол күшін есептей білуді, суретті қағаз ортасына бейнелей білуді дамыту.
 Наи өнімдеріне құрметпен қарауға, ұқыптылық және сурет салуға ынтаға тәрбиелеу.
 Бірнеше бөлшектен тұратын (арба) заттың суретін салуға үйрету. Домалақ және төртбұрышты пішінді заттарды бейнелей білуді бекіту
 Білуге құмарлықты, қолдың майда моторикасын, көзбен шамалауды дамыту.
 Елгезектікке және еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Мүсіндеу

Міндеттері:
 Нан өнімдерін: бауырсақтар (шар), печенье (диск),токаш (сақиналар) мүсіндеуді үйрету.
 Бұрын өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту: шиыршықтау, домалату, жаю, жалпайту, бөлшектердің жиектерін біріктіру,
 бөлшектердің біріктірілген тұстарын тегістеу. Бейнелі қабылдауды, қолдың моторикасын, түрлі заттардың бедерлемесінің көмегімен мүсіндейтін заттарға өрнектерді түсіру дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа, жасаған жұмысынан қанағаттану сезімін алуға тәрбиелеу.
 Ересектердің көмегімен шығармашылық ойды дамыту, әшекей заттарды міндеу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:
Дымков әшекейлеу элементерін пайдалана отырып, заттарды (кескіндерді) безендіруге үйрету, бұрын өткен мүсіндеу тәсілдерін (ширату, домалату) бекіту.
«Таяқшанын (шұжықтың) » ұштарын біріктіре білу. әшекейлеу элементтерін сығымдау арқылы қағаз паракка бекіту біліктерін қалыптастыру.
Шығармашылық әлеуеттерін, композициялық сезімдерін дамыту.

Жапсыру

Міндеттері: Түсі мен келемі бойынша әртүрлі бөлшектерді қағаз бетіне орналастырып, жабыстыруды үйрету.
Бөлшектердің шеттерін жанастырып, заттарды кеңістікте бір-біріне дұрыс орналастыруды үйрету; геометриялық пішін атауларын (шаршы, үшбұрыш) және бөлшек түстерін бекіту.
Көз мөлшерімен шамалауды, ойлау қабілетін, колдын кіші моторикасын жетілдіру.
Апликациямен айналысуға деген ынтаны арттыруға, мейірімділік пен көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Музыка

Музыка тыңдау
Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.
Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.
Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.
Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.
Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.

Ән айту
Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалардың кернеусіз бір қарқынмен ән айту қабілетін дамыту. Бір-бірін тыңдау кезінде табиғи дауыспен ән айтуды үйрету.
Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар
Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.
Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.
Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден,

		<p>жүппен ырғақты қимылдар орындау. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p> <p>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптар (сыбызғы, металлфон, қоңырау, сылдырмақ, дабыл, маракас және барабанмен), және шу ойыншықтарын тануға және атауға үйрету.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p>
--	--	--